

Еуразия экономикалық қоғамдастығына мүше мемлекеттердің кеден органдары арасында тауарларды кедендейк бақылаумен өткізу кезінде кеден органының шотына ақша қаражатын енгізу жолымен немесе банктердің кепілдіктерін пайдалану жолымен кедендейк төлемдерді төлеуді қамтамасыз ету туралы келісімге қол қою туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2006 жылғы 5 мамырдағы N 372 Қаулысы

Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ** :

1. Қоса беріліп отырған Еуразия экономикалық қоғамдастығына мүше мемлекеттердің кеден органдары арасында тауарларды кедендейк бақылаумен өткізу кезінде кеден органының шотына ақша қаражатын енгізу жолымен немесе банктердің кепілдіктерін пайдалану жолымен кедендейк төлемдерді төлеуді қамтамасыз ету туралы келісімнің жобасы макұлдансын.

2. Еуразия экономикалық қоғамдастығына мүше мемлекеттердің кеден органдары арасында тауарларды кедендейк бақылаумен өткізу кезінде кеден органының шотына ақша қаражатын енгізу жолымен немесе банктердің кепілдіктерін пайдалану жолымен кедендейк төлемдерді төлеуді қамтамасыз ету туралы келісімнің жобасы макұлдансын.

3. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

*Қазақстан Республикасының*

*Премьер-Министри*

Жоба

Еуразия экономикалық қоғамдастығын мүше мемлекеттердің кеден органдары арасында тауарларды кедендейк бақылаумен өткізу кезінде кеден органының шотына ақша қаражатын енгізу жолымен немесе банктердің кепілдіктерін пайдалану жолымен кедендейк төлемдерді төлеуді қамтамасыз ету туралы келісім

Бұдан әрі Тараптар деп аталатын, Беларусь Республикасының, Қазақстан Республикасының, Қырғыз Республикасының, Ресей Федерациясының және Тәжікстан Республикасының Үкіметтері,

2000 жылғы 10 қазандағы Еуразиялық экономикалық қоғамдастық құру туралы шартты негізге ала отырып,

Еуразия экономикалық қоғамдастығына (ЕурАЗЭК) мүше мемлекеттердің арасында да, ЕурАЗЭК-қа мүше мемлекеттер мен үшінші мемлекеттер арасында да тауарлар тасымалдарын дамытуға үмтыта отырып,

кедендейк төлемдердің төленуін қамтамасыз ету, бірыңғай экономикалық кеңістік қалыптастырудың негізгі шарттарының бірі ретінде кеден рәсімдерін біріздендіру мен оңайлату қажеттілігін негізге ала отырып,

төмендегілер туралы келісті:

## **1-бап**

Осы Келісімнің мақсаттары үшін мынадай ұғымдар пайдаланылады:

"кепілгер" - ЕурАЗЭҚ-қа мүше мемлекеттің аумағында тіркелген, өз мемлекеті заңнамасының талаптарын ескере отырып банк кепілдігін берген банк;

"банктік кепілдігі" - кепілгердің ЕурАЗЭҚ-қа мүше мемлекеттердің бірінің кеден органы алдында принципал өзінің кедендейтік төлемдерді төлеу жөніндегі міндеттемесін орындаған немесе тиісті дәрежеде орындаған жағдайда ақшалай соманы төлеуге жазбаша

міндеттемесі;

"бенефициар" - ЕурАЗЭҚ-қа мүше мемлекеттік кепілдігін қабылдаған кеден органы;

"принципал" - оның тапсырмасы бойынша және есебінен кепілгер ЕурАЗЭҚ-қа мүше мемлекеттердің кеден органдары арасында тауарларды кедендейтік бақылаумен өткізу кезінде принципал міндеттемелерді бұзған жағдайда кедендейтік төлемдердің сомаларын төлеу жөнінде банк кепілдігін беретін, белгіленген тәртіппен ЕурАЗЭҚ-қа мүше мемлекеттің аумағында тіркелген занды немесе жеке тұлға;

"межелі мемлекет" - тауарлар мен көлік құралдарын кедендейтік бақылаумен өткізу аяқталатын ЕурАЗЭҚ-қа мүше мемлекет;

"жөнелтетін мемлекет" - тауарлар мен көлік құралдарын кедендейтік бақылаумен өткізу басталатын ЕурАЗЭҚ-қа мүше мемлекет;

"кедендейтік төлемдер" - ЕурАЗЭҚ-қа әр мүше мемлекеттердің әрқайсысының салықтық және кедендейтік заңнамасына сәйкес кеден органдары белгіленген тәртіппен алатын кедендейтік баж, салықтар, кедендейтік алымдар.

## **2-бап**

Осы Келісім ЕурАЗЭҚ-қа мүше мемлекеттердің кеден органдары арасында тауарларды кедендейтік бақылаумен өткізу кезінде жөнелтетін мемлекеттің немесе межелі мемлекеттің кеден органының шотына ақша қарожатын енгізу, сондай-ақ банк кепілдіктерін пайдалану жолымен кедендейтік төлемдердің төленуін қамтамасыз етудің құқықтық негіздерін белгілейді.

Тауарларды ЕурАЗЭҚ-қа мүше мемлекеттердің аумақтары бойынша өткізу кезінде кедендейтік төлемдердің төленуін қамтамасыз етудің осы Келісімде көзделген түрлері де, сондай-ақ аумағы арқылы тауар өткізілетін ЕурАЗЭҚ-қа мүше мемлекеттің заңнамасына сәйкес кедендейтік төлемдердің төленуін қамтамасыз етудің өзге түрлері де қолданылуы мүмкін.

## **3-бап**

Осы Келісім тауарларды:

ЕурАЗЭҚ-қа мүше мемлекеттер арасында, оның ішінде үшінші мемлекеттердің аумағы арқылы өткізу кезінде де;

егер, тауарларды өткізу ең болмағанда ЕурАЗЭК-қа мүше мемлекеттердің бірінің аумағы бойынша транзитпен жүзеге асырылса ЕурАЗЭК-қа мүше мемлекеттер мен үшінші мемлекеттер арасында өткізу кезінде қолданылады.

#### **4-бап**

1. Тараптар оларды кедендік бақылаумен өткізу кезінде оларға қатысты кедендік төлемдердің төленуін қамтамасыз етуді қоса алғанда, өз мемлекетінің заңнамасында заңнаманың сақталуын қамтамасыз ету бойынша белгіленген шаралар қолданылатын тауарлардың жекелеген санаттарын белгілеуі мүмкін.

2. Тараптар бір-бірін тауарлардың тізбесі және кедендік төлемдердің төленуін қамтамасыз етуді қоса алғанда, оларды кедендік бақылаумен өткізу кезінде өз мемлекеті заңнамасын сақталуын қамтамасыз ету жөнінде оларға қатысты қолданылатын шаралар туралы хабардар етеді.

3. Тараптар өз мемлекетінің кедендік төлемдерің төленуін қамтамасыз ету шарттарын айқындайтын заңнамасын біріздендіруді жүргізеді.

#### **5-бап**

Тауарларды ЕурАЗЭК-қа мүше мемлекеттердің аумақтары бойынша кедендік бақылаумен өткізу, сондай-ақ ақша қаражатын кеден органдарының шотына енгізу және кеден органдарының банк кепілдігін қабылдауы осы мемлекеттердің әрқайсысының заңнамасында және осы Келісімде көзделген тәртіппен жүргізіледі.

ЕурАЗЭК-қа мүше мемлекеттердің кеден органдары өз мемлекетінің заңнамасына сәйкес кедендік төлемдердің төленуін қамтамасыз етпестен өз мемлекетінің аумағы бойынша тауарларды кедендік бақылаумен өткізуге ЕурАЗЭК-қа мүше мемлекеттердің бірінің кеден органының кедендік төлемдерді төлеуді қамтамасыз ету ретінде осы кеден органының шотына ақша қаражатын енгізгені туралы немесе кеден органы белгілеген орынға және мерзімде тауарларды жеткізбеген кезде кедендік төлемдерді төлеуді қамтамасыз ететін банк кепілдігін қабылдағаны туралы растау болған кезде

рұқсат етеді.

Кеден органының шотына ақша қаражатын енгізу немесе банк кепілдігін пайдалану түрінде кедендік төлемдердің төленуін қамтамасыз ету берілген ЕурАЗЭК-қа мүше мемлекеттердің кеден органдары кедендік төлемдер бойынша берешектерді өндіріп алуды олардың шотындағы ақша қаражаты есебінен не олар банк кепілдігі бойынша алатын қаражат есебінен қамтамасыз етеді және осы Келісімнің 8-бабына сәйкес аумағында тауарларды толық жеткізбеу анықталған ЕурАЗЭК-қа мүше мемлекеттің кеден органының шотына аударады.

#### **6-бап**

1. Осы Келісімге сәйкес ЕурАЗЭК-қа мүше мемлекеттердің бірінің кеден органының шотына енгізілген ақша қаражатын олардың аумағы бойынша тауарларды кедендік бақылаумен өткізу жүзеге асырылатын ЕурАЗЭК-қа мүше басқа мемлекеттердің кеден органдары кедендік төлемдердің төленуін қамтамасыз ету

## р е т і н д е

## т а н и д ы .

Кеден органының шотына енгізілген ақша қаражатының сомасы, егер тиісті тауарлар еркін айналыс үшін шыгарылған болса, оның аумағы бойынша тауарларды кедендік бақылаумен өткізу жүзеге асырылатын ЕурАЗЭҚ-қа мүше мемлекетте төлеуге жататын кедендік төлемдердің сомасынан кем болмайды.

2. Кеден органының шотына ақша қаражаты АҚШ долларымен, евромен не аумағында қамтамасыз ету енгізілетін ЕурАЗЭҚ-қа мүше мемлекеттің ұлттық валюта мен енгізілуі мүмкін.

3. Ақша қаражаты жөнелтетін мемлекеттің немесе межелі мемлекеттің кеден органының шотына енгізіледі.

Егер, тауарлар ЕурАЗЭҚ-тың шегінен тысқары жерлерге әкетілген жағдайда, ақша қаражаты оның қызмет өнірінде заңды немесе жеке тұлға ЕурАЗЭҚ-қа мүше мемлекеттің заңнамасында белгіленген тәртіппен тіркелген кеден органының шотына енгізіледі.

4. Тауарлар оның аумағы бойынша тауарларды өткізу жүзеге асырылатын ЕурАЗЭҚ-қа мүше мемлекеттің кеден органы айқындаған орынға және мерзімде жеткізілмеген кезде осы баптың 3-тармағында көрсетілген кеден органдарының шотындағы ақша қаражаты аумағында тауарлардың жеткізілмеуі анықталған ЕурАЗЭҚ-қа мүше мемлекеттің кеден органының шотына аударылуға тиіс.

## 7-бап

1. ЕурАЗЭҚ-қа мүше мемлекеттердің кеден органдары өз мемлекетінің банктері берген банк кепілдіктерін қабылдайды.

2. Аумағында тауарлардың жеткізілмеуі анықталған ЕурАЗЭҚ-қа мүше мемлекеттердің бірінің кеден органының алдындағы оның міндеттемесі орындалмаған немесе тиісті дәрежеде орындалмаған жағдайда принципалдың кедендік төлемдерді төлеуді қамтамасыз етуі банк кепілдігі болып табылады.

3. Кепілгер бенефициарға ақша қаражатын бенефициардың оны төлеу туралы жазбаша талабын ұсынуы бойынша осы баптың 13-тармағында белгіленген мөлшерде төлеуге кепілдік береді.

4. Банк кепілдігін кепілгер қайтарып ала алмайды.

5. Бенефициардың банк кепілдігі жөніндегі кепілгерге талап қою құқығы басқа тұлғаға берілмейді.

6. Банк кепілдігі ол берілген күнінен бастап күшіне енеді.

7. Бенефициардың банк кепілдігі бойынша ақша қаражатын төлеу туралы талабы кепілгерге кепілдікте көрсетілген құжаттар қоса беріле отырып жазбаша нысанда берілуі тиіс. Бенефициар талапта немесе оған қосымшада принципалдың оны орындау үшін кепілдік берілген міндеттемені бұзыу неден тұратындығын көрсетуге тиіс.

8. Бенефициардың талабы кепілгерге ол берілген кепілдікте белгіленген мерзім аяқталғанға дейін ұсынылуға тиіс.

Бенефициар банк кепілдігінде белгіленген мерзімде ұсынған банк кепілдігі кепілгердің бенефициардың алдындағы өз міндеттемелерін толық орындағанға дейін қолданыста

б о л а д ы .

9. Кепілгер бенефициардың талабын оған қоса берілген құжаттармен бірге оны алған күнінен кейін он күннен аспайтын мерзімде, принципалды бенефициардың талабы туралы хабардар ете отырып қарауға тиіс.

10. Кепілгер бенефициарға егер, бұл талап не оған қоса берілген құжаттар кепілдіктің шарттарына сәйкес келмесе, оның талабын қанағаттандырудан бас тартады.

Кепілгер бенефициарды оның талабын қанағаттандырудан бас тартатындығы туралы х а б а р д а р е т у г е т и і с .

11. Банк кепілдігінде көзделген кепілгердің бенефициар алдындағы міндеттемесі кепілдік берілген соманы төлеумен шектеледі.

12. Кепілгердің кепілдік бойынша бенефициар алдындағы міндеттемесі мынадай жағдайларда

т о қ т а т ы л а д ы :

кепілгер аударған кепілдіктің барлық сомасы бенефициардың шотына түскен; бенефициар кепілдік бойынша өз құқықтарынан кепілгерге қайтару жолымен не бенефициардың кепілгерді оның міндеттемелерінен босатуы туралы жазбаша өтініш жасауы жолымен бас тартқан жағдайда тоқтатылады.

13. Банктік кепілдігінің сомасы, егер тиісті тауарлар еркін айналыс үшін шығарылған болса, аумағы бойынша тауарларды кедендік бақылаумен өткізу жүзеге асырылатын ЕурАЗЭҚ-қа мүше мемлекетте төлеуге жататын кедендік төлемдердің с о м а с ы н а н к е м б о л м а й д ы .

14. Банк кепілдігінің сомасы АҚШ долларымен не евромен көрсетіледі. Кепілгердің ақша қаражатын төлеуі банк кепілдігінің валютасымен не, егер оның ұлттық заңнамасында өзгеше көзделмесе, банк кепілдігінің ЕурАЗЭҚ-қа мүше мемлекетте төлем күнінде қолданылатын валюта бағамы ескеріле отырып, ЕурАЗЭҚ-қа мүше мемлекеттің ұлттық валютасымен жүзеге асырылады.

15. ЕурАЗЭҚ-қа мүше мемлекеттердің кеден органдары өз мемлекеті заңнамасының талаптарын ескере отырып және осы Келісімге сәйкес банк-кепілгер берген банк к е п і л д і г і н қ а б ы л д а й д ы .

Банк кепілдігінің сомасы жеткіліксіз болған немесе оның қолданылу мерзімі аяқталған кезде банк кепілдігі қабылданбайды.

16. Тауарларды ЕурАЗЭҚ-қа мүше мемлекеттің кеден органы белгілеген орынға және мерзімде жеткізбеген кезде бенефициар кепілгерге өзінің шотына ақша қаражатын төлеу және аудару туралы талап қояды. Кепілгер талапты оны алған күнінен бастап отыз күннен кешіктірмейтін мерзімде қанағаттандыруы тиіс.

Банк кепілдігі бойынша төленген ақша қаражаты аумағында тауарлардың

жеткізілмеуі анықталған ЕурАЗЭҚ-қа мүше мемлекеттің кеден органының шотына аударылады.

#### **8-бап**

ЕурАЗЭҚ-қа мүше мемлекеттердің кеден органдарының арасындағы ұсынылған кедендік төлемдерді төлеуді қамтамасыз ету туралы, тауарлар тасымалдауды бұзу жағдайлары туралы, осы Келісімді орындау ушін қажетті өзге де ақпаратпен алмасу тәртібі, сондай-ақ ЕурАЗЭҚ-қа мүше мемлекеттердің бірінің кеден органының шотына енгізілген не төленген немесе кепілгерден кеден органдарының бірі аумағында тауарлардың жеткізілмеуі анықталған ЕурАЗЭҚ-қа мүше мемлекеттің кеден органының шотына өндіріп алған ақша қаражатын аударудың тәртібі және мерзімі, кепілгер міндеттемелерінің көлемі, кедендік төлемдердің төленуін қамтамасыз ету мөлшері мен дауларды шешу тәртібі Тараптардың жеке көпжақты келісімдерімен айқындалады.

#### **9-бап**

Осы Келісім қатысуышылары Тараптардың мемлекеттері болып табылатын басқа халықаралық шарттар бойынша Тараптардың міндеттемелерін қозғамайды.

#### **10-бап**

Осы Келісімді түсіндіру мен қолдануға қатысты кез келген даулар мен келіспеушіліктер Тараптар арасында келіссөздер және консультациялар жолымен шешіледі.

#### **11-бап**

Осы Келісімге Тараптардың өзара келісімі бойынша жекелеген хаттамалармен ресімделетін және осы Келісімнің 12-бабына сәйкес күшіне енетін өзгерістер енгізілуі мүмкін.

#### **12-бап**

Осы Келісім ЕурАЗЭҚ-тың Интеграциялық комитеті болып табылатын депозитарий Тараптардың осы Келісімнің 8-бабында көзделген жеке көпжақты келісімдер жасасқаны туралы және осы Келісімге қол қойылған күнінен бастап күшіне енетін 8-бапты қоспағанда, осы Келісімнің күшіне енуі үшін қажетті мемлекетішлік ресімдерді Тараптардың орындағаны туралы соңғы жазбаша хабарламаны алған күнінен бастап

күшине енеді.

Осы Келісім күшіне енгеннен кейін ЕурАЗЭҚ-тың мүшелігіне қабылданған кез келген мемлекеттің оған қосылуы үшін ашық.

Осы Келісімге қосылу туралы құжаттар депозитарийге тапсырылады.

Осы Келісім қосылатын мемлекеттер үшін осы Келісімнің Тараптарымен осы Келісімнің 8-бабында көзделген жеке көпжақты келісімдерді жасасу туралы хабарламаны депозитарий алған күнінен бастап күшіне енеді.

Тараптардың кез келгені депозитарийге осы Келісімнен өзінің шығу ниеті туралы болжалды шығу күніне дейін кемінде үш ай бүрын жазбаша хабарламаны жібере отырып, өзінің осы Келісімге сәйкес қабылданған міндеттемелерін алдын ала реттей

отырып,                    осы                    Келісімнен                    шыға                    алады.

2006 жылғы "\_\_\_" қаласында орыс тіліндегі бір тұпнұсқа  
данада жасалды. Тұпнұсқа дананы әрбір Тарапқа оның куәландырылған көшірмесін  
жіберетін депозитарий сақтайды.

*Беларусь Республикасының*

*Үкіметі үшін*

*Қазақстан Республикасының*

*Үкіметі үшін*

*Қыргыз Республикасының*

*Үкіметі үшін*

*Ресей Федерациясының*

*Үкіметі үшін*

*Тәжікстан Республикасының*

*Үкіметі үшін*

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заннама және  
құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК